# НҰРА

Еженедельная газета Нуринского района

№ 15 (46235) СУББОТА, 17 апреля 2004 года

Издается с 1 мая 1963 года. ГАЗЕТА ИЗДАЕТСЯ ПРИ ФИНАНСОВОЙ ПОДДЕРЖКЕ АКИМАТА И МАСЛИХАТА НУРИНСКОГО РАЙОНА. ЦЕНА ДОГОВОРНАЯ


***Ауыл тұрғындарының назарына!***

Нұра ауданы әкімінің аппараты, оның барлық бөлімдері, кент және ауыл әкімдерінің аппараты жұма сайын, **сәрсенбі** күндері әрбір өтініш білгендердің мәселелерін шешу үшін "Ашық есік күнін" өткізеді.

***Вниманию населения!***

Аппарат акима Нуринского района, его структурные подразделения, аппараты акимов сел и поселков проводят еженедельно **по средам** "День открытых дверей" для решения проблем каждого обратившегося жителя района.

*НҰРА АУДАНЫНЫҢ ӘКІМИЯТЫ*

## ҚАУЛЫ

**2004 жылы 23.02. №03/03** **Киевка кенті**

## "Аудандық жер комиссиясын құру және жер комиссиясының ережесін бекіту туралы"

2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-11 Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 43-бабын орындау мақсатында Нұра аудан әкімияты ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Аудандық жер комиссиясы құрылсын және Нұра аудан әкіміне комиссияның дербес құрамын анықтап, және оны бекіту үшін Нұра аудандық мәслихатына жолдауға ұсыныс жасалсын.
2. Аудандық жер комиссиясының ережесі қосымша сәйкес бекітілсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі орынбасары Бекет Бекпайұлы Қосшығұловқа жүктелсін.

**Д.ҚҰСАЙЫНОВ,**
**аудан әкімі.**

**Қосымша**
**Аудан әкімиятының 2004 жылғы 23 ақпандағы «Аудандық жер комиссиясын құру және жер комиссиясының ережесін бекіту туралы» №03/03 қаулысымен БЕКІТІЛГЕН**

**Аудандық жер комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ**

1. Аудандық жер комиссиясы (бұдан әрі комиссия) жер учаскелерін беру жөніндегі өтініштерді қарайтын консультативтік - кеңестік орган болып табылады.
2. Комиссия өз жұмысын Қазақстан Республикасының Конституциясына, 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-11 Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.
3. Комиссия өз өкілеттігіндегі мәселелер бойынша комиссия отырысының хаттамасымен ресімделетін қортындылар береді.

**2. Комиссия жұмысын ұйымдастыру**

4. Нұра ауданы әкімі комиссияның жеке құрамын Нұра аудандық мәслихатының сессиясына бекітуге ұсынады.
5. Комиссия жұмысы алқалы және жариялы болуы тиіс.
6. Комиссия ай сайын отырыс өткізеді.
7. Комиссия отырысы хаттамамен ресімделеді.
8. Комиссия төрағасы:

1) комиссия жұмысын ұйымдастыруды және оның қызметіне басшылық жасауды қамтамасыз етеді;

2) комиссия өкілеттігіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік және басқа органдармен өзара әрекеттестікте болады,

3) комиссияның қызметі үшін есеп береді.

9. Аудандық жер комиссиясының хатшысы іс жүргізеді және жер комиссиясы қортынды жасаған кезде дауыс құқығына ие болмайды.
10. Комиссия мүшелері комиссия қабылдаған шешіммен келіспейтіндей жағдай болғанда ерекше пікір білдіруге құқылы.
11. Комиссия қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету аудан әкімі аппаратына жүктеледі.

**3. Негізгі міндеттер мен функциялар**

12. Комиссия заңды және жеке тұлғаларға жер учаскесін таңдау актісі және жер учаскесі шекарасының жобасы негізінде жер учаскелерін беру мүмкіндігін қарастырады және дауыс беру жолымен қорытынды жасайды.
13. Комиссия:

1) Өз өкілеттігі шегінде мемлекеттік органдардан және олардың лауазымды тұлғаларынан комиссия жұмысы үшін қажет ақпарат сұрауға және алуға.

2) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жер қатынастарына қатысты мәселелер бойынша жұмысын ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізуге құқылы.

14. Жергілікті атқарушы орган өз отырыстарында комиссия ұсынған материалдарды қарау жолымен комиссия жұмысына бақылау жасайды.

НҰРА АУДАНЫ ӘКІМИЯТЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ

**№04/71** **2004 ж. 24 наурыз.**

### 2004 жылы сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айлары аралығында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңына сәйкес 2004 жылы мерзімді сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айлары аралығында азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу үшін аудан әкімияты ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Аудандық әскерге шақыру комиссиясы құрылсын.
2. Комиссияның құрамы № 1 қосымшаға сай заңнамада белгіленген тәртіпте аудандық мәслихатқа бекітуге ұсынылсын.

2. Ауыл мен кент әкімдері:

1) 2004 жылы мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын 1977-1986 жылдары туған барлық азаматтардың әскерге шақыру учаскесіне ұйымшылдықпен келуін қамтамасыз етсін;

2) Әскерге шақырылғандарды медициналық куәландыру және жеткізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырсын.

3. Аудандық қорғаныс істер бөлімінің бастығы /Қайролла Шәріпұлы Жолболдин / әскерге шақыру мәселелері бойынша қажетті шараларды жүзеге асырсын /келісім бойынша/.
4. Аудандық медициналық бірлестігі /Бөкеш Орақұлы Еспаев/ аудандық шақыру комиссиясын маман-дәрігерлермен және орта медициналық құраммен жасақтасын /келісім бойынша/.
5. Нұра ауданының мемлекеттік санитарлық-эпидемиялық қадағалау басқармасы /Досполова Гүлсара Құрашқызы/ аудандық шақыру учаскесінің күйіне санитарлық бақылауды қамтамасыз етсін.
6. Аудандық ішкі істер бөлімі /Берік Сейтқанұлы Бөлекпаев/ әскерге шақырылудан жалтарғандардың іздестіруін және ұсталуын, әскерге шақырылғандар командаларын аттандыру кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын ұйымдастырсын / келісім бойынша/
7. Аудандық мәдениет бөлімі /Сансызбай Рақымтайұлы Ибрайбеков/ әскерге шақырылғандарды салтанатты шығарып салған күндері жастар алдында көркемөнерпаздар мен шығармашылық ұжымдардың әскери патриоттық тақырыптарға өнерін көрсетуді ұйымдастырсын.
8. Аудандық қаржы бөлімі /Баранов Николай Анатольевич/ азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды осы мақсатқа бөлінген қаржылар шектерінде қаржыландыруды жүргізсін.
9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Әдиша Көнекбайқызы Есмағамбетоваға жүктелсін.

**Д.ҚҰСАЙЫНОВ,**
**аудан әкімі.**

**Аудан әкімиятының 2004 жылғы 24 наурыздағы "2004 жылы сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айлары аралығында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы" № 04/71 қаулысына қосымша № 1.**

### Аудандық шақыру комиссиясының құрамы:

Есмағамбетова Әдиша Көнекбайқызы - комиссия төрайымы, аудан әкімінің орынбасары.

Жолболдин Қайролла Шәріпұлы - комиссия төрайымының орынбасары, аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлімнің бастығы.

Нүркенов Қайрат Қаршығаұлы - аудан әкімі аппаратының ішкі саясат бөлімінің бас маманы, комиссия хатшысы.

### Комиссия мүшелері:

Балабеков Ерболат Тыныбекұлы - Нұра аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары.

Гизатуллина Лилия Фанауиқызы - Дәрігерлік комиссияның төрайымы, терапевт-дәрігер.

---

*ЦЕЛИНЕ - 50*

## «ЦЕЛИНА!» КАК МНОГО В ЭТОМ СЛОВЕ

***В 1954 году на территории Нуринского района появились семь новых целинных совхозов, созданных самоотверженным трудом первоцелинников. 17 апреля исполняется 50 лет со дня организации одного из них - совхоза им. Пржевальского. Это событие было отмечено Голубым огоньком, на котором продолжатели славных традиций первоцелинников в лице работников ТОО «Пржевальское» чествовали своих отцов, матерей, старших товарищей, непосредственных участников преобразований на казахстанской земле, трудовой подвиг которых вписан золотыми буквами в историю страны.***

На Голубой огонек были приглашены те, теперь уже немногочисленные первоцелинники-пржевальцы, которые и по сей день живут в целинном селе Пржевальское, соседнем селе Шахтерское, в райцентре, ну и, конечно, гости.

Звучали сердечные поздравления, ведущая Татьяна Петровна Пупейко очень тепло рассказывала о жизненном пути каждого присутствующего на празднике первоцелинника, а участники художественной самодеятельности села посвящали им музыкальные подарки, пели песни их молодости, читали стихи. За празднично накрытыми столами в украшенной по случаю торжества сельской столовой охотно делились воспоминаниями о тех далеких, но незабываемых годах и сами виновники торжества, в душах и сердцах которых, несмотря на прожитые годы, сохранился молодой целинный огонек.

Первым поздравил первопроходцев целины директор ТОО «Пржевальское» Эксан Балтабаевич Таттыбаев, шестой по счету директор со дня организации совхоза, возглавляющий хозяйство на протяжении последних восьми лет, с марта 1996 года, хотя пржевальцы хорошо знали его задолго до этого: здесь, в совхозе «Пржевальский», он несколько лет был секретарем парткома, отсюда в 1990 году ушел работать директором совхоза «Амантауский». Поэтому в тяжелом для совхоза 1996 году, когда встал вопрос о кандидатуре директора, пржевальцы избрали именно его, избрали заочно, поскольку он на этом собрании не присутствовал. И пржевальцы не ошиблись в своем выборе. В настоящее время ТОО «Пржевальское», ставшее преемником целинного совхоза, является одним из крупнейших сельхозпредприятий района по производству зерна, которое успешно реализует принятые аграрные программы, в том числе агропродовольственную, развивает животноводство, уделяет большое внимание социальной сфере, борьбе с безработицей. Немалая заслуга в этом Э.Б.Таттыбаева, награжденного медалью «Ерен еңбегі үшін» и удостоенного чести представлять наш район на встрече с Президентом страны в 2001 году.

Как дань уважения и признания трудового подвига покорителей целины был зачитан приказ о премировании первоцелинников села, согласно которому от ТОО «Пржевальское» супруги Гулий, Белоцерковец, Р.М. Баклажанова, Б.Омарова, М.М. Балыкина, Ф.М. Татаренкова, З.М. Зимина, И. А. Зобов, П. А. Наумович, Н.В.Глушко и Н.А. Крюкова были награждены денежной премией в размере 10 тыс. тенге. Ценные подарки на сумму 5 тыс. тенге были вручены и матерям-героиням Хаирган Бижамал и Суйменовой Катше, воспитавшим соответственно 10 и 8 детей и награжденным незадолго до этого события Указом Президента РК золотой и серебряной подвесками «Алтын алқа" и "Күміс алқа», а также гостям из числа приглашенных, в том числе Ш. Балтабаевой, В.П. Гутову, Л.Г.Романенко.

Со дня основания этого целинного хозяйства и по сегодняшний день его главной ценностью были и остаются люди, приехавшие на целину из России, Украины, Молдавии, Эстонии, других республик Советского Союза.

Зоя Черемихина приехала в целинный совхоз им.Пржевальского в начале 1955 года, а в конце года обрела здесь свою вторую половину. В 1956-ом в молодой семье появился первенец, а всего супруги Зимины подарили целине восемь детей.

В 1954 году приехал на целину Петр Анатольевич Татаренков. Начинал работать трактористом, потом был назначен бригадиром бригады № 1. Осенью следующего года поехал в отпуск домой, в Курск, откуда вернулся с молодой женой Матреной. Матрена Филипповна вспоминает, что раньше бригадиров домой с бригады не отпускали, поэтому там, в бригаде, работали и жили. Матрена Филипповна была и поваром, и разнорабочей, а с 1962 года перешла на работу в детсад, где потом трудилась 30 лет и откуда вышла на пенсию, но продолжала работать и после этого. Здесь, в совхозе, у них родились две дочери, а сейчас здесь живут и их четыре внука. Единственное, о чем жалеет - что не суждено было дожить Петру Анатольевичу до сегодняшних дней.

В марте 1956 года, закончив школу механизаторов, приехал в совхоз Зобов Иван. Он рассказывает, что ехал сюда с большим желанием. По приезду сразу же стали готовиться к посевной. Сутками с товарищами выгружали прибывающие семена, работал механизатором, трудился на ферме, шофером. Здесь он встретил свою суженую - Галину Цитович. Поженились они в 61-ом. «Не жалею, что приехал сюда, жизнь свою прожил хорошо»,- говорит Иван Арсентьевич.

В 1956 году приехали на целину, оставив 2-летнюю дочь, супруги Наумович, в марте Иван Николаевич, в октябре Пелагея Александровна. Сначала жили в вагончике, потом им дали квартиру в 4-квартирном доме, куда привезли дочь.

В марте 1956-го приехал на освоение целинных и залежных земель Петр Тимофеевич Балыкин, а в конце апреля к нему с сыном приехала жена Мария. Петр с другом жили в одной комнате семейного общежития, а когда приехали жены, обе семьи стали жить вместе. Мария Матвеевна работала нормировщицей в МТМ, затем инспектором отдела кадров. Всегда была душой коллектива, веселой певуньей, наверное, поэтому ни работа, ни семья не мешали ей участвовать в художественной самодеятельности. В 1962 году по некоторым причинам Балыкиным пришлось уехать. Уезжала Мария Матвеевна со слезами. Но не смогли они навсегда расстаться с родным селом, вернулись, живут здесь по сей день. «Очень нравится мне наша природа, степь раздольная. И таких хороших людей, как здесь, я больше нигде не встречала, - говорит Мария Матвеевна.

Петр Яковлевич Белоцерковец приехал в совхоз в марте 1955 года в составе отряда демобилизованных воинов, а 30 марта приехала Широкова Лидия. В июле 1955-го они поженились. Создали большую семью, сейчас не только дети, но и внуки продолжают начатое ими дело. «Теперь у нас есть все, - говорят они, - нет только здоровья, отдано оно этой земле».

Анатолий и Роза Баклажановы нашли друг друга в России и решили поехать на целину, откликнувшись на призыв партии и правительства. В начале 1955-го в совхоз прибыл отряд из 180 человек - посланцев Владимирской области, который возглавлял А.Ф.Христенко. Среди первоцелинников был и Анатолий Баклажанов, а в июне с маленькой дочерью к нему приехала жена. Первое время жили в вагончике. Осенью этого же года А.И. Баклажанов стал участником ВДНХ и был награжден серебряной медалью. Роза Матвеевна трудилась на зерноскладе, где проработала 21 год.

Ныне самый старейший житель села, 90-летний Константин Иванович Гулий приехал в совхоз в начале 1955-го. Работал строителем. Здесь он встретил свою будущую жену Анну Корнеевну. Сначала жили раздельно, потом в сарайчике, затем в семейном общежитии, разметку которого делал сам Константин Иванович. Хорошо жили, вырастили двоих детей. «Не жалеем, о том, как прожили»,- говорят супруги Гулий.

Нина Васильевна Глушко приехала на целину в мае 1955 года к мужу с маленьким ребенком. Трудилась на различных участках совхозного производства.

Батима Омарова приехала в с. Пржевальское с мужем и тремя детьми в сентябре 1954 года. Нужно быть очень смелым человеком, чтобы такой семьей с обжитого места двинуться туда, где еще ничего нет. Работы она не боялась. Трудилась на ферме, в стройчасти, бригаде, на току.

Нина Алексеевна Крюкова, ветеран Великой Отечественной войны, приехав на целину из Ленинграда, работая в совхозе, тоже освоила немало профессий. В 60-е годы на пару лет уезжала из села, но затем вернулась и живет здесь до сих пор.

В 1955 году с группой механизаторов приехал в совхоз Валентин Порфирьевич Гутов. Был механиком, бригадиром. В 1962-1965 годах окончил совпартшколу, получил диплом агронома. Работал парторгом, главным агрономом хозяйства, председателем сельского Совета. Награжден орденами Трудового Красного Знамени, "Знак Почета" . Его покойная жена Анфиса Алексеевна работала главным бухгалтером совхоза.

Шайза и Тохтар Балтабаевы приехали в совхоз 1956 году из Акмолинской области. Шайза возглавляла бригаду строителей, Тохтар работал агрономом, бухгалтером. Здесь родились их дети: две дочери и два сына, одна из дочерей, Тлеухор Тохтаровна, работает директором Пржевальской СШ, а сын Кайрат Тохтарович трудится главным инженером ТОО.

В качестве почетных гостей на празднике присутствовали Любовь Гавриловна и Анатолий Павлович Романенко, возглавлявший совхоз в течение 14 лет.

Одним словом, целинный юбилей собрал тех людей, для которых целина стала жизнью и судьбой. И рассказывать о них можно еще очень долго, как и о тех, кто не дожил до сегодняшнего дня и память которых собравшиеся почтили минутой молчания.

Освоение целинных и залежных земель наглядно показало всему миру богатейшие возможности нашего народа и нашей бескрайней земли, когда была заложена та мощная экономическая база, которой сегодня гордится Казахстан. Трудности, самоотверженный труд сплотили людей разных национальностей, характеров в единую, дружную семью, что позволило воплотить в жизнь столь грандиозный замысел, каким явилась целина. И дело первоцелинников сейчас достойно продолжают их дети и внуки.

**Л. ГОРДИЕНКО.**

# ҚАЗАҚ МЕКТЕБІ - ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

Арқадағы жері құнарлы, шөбі шүйгін, қойнауы қазыналы, суы шипа, талай асылдар мен ардақтылардың Отанына айналған қасиетті Нұра өлкесінің бір бөлігі Кертінді ауылы да /бұрынғы аты Казгородок/ өңірі тарихқа толы жер.

1929 жылы Казгородок ауылында Нұра ауданындағы ең алғаш 7 жылдық мектеп салынған.

Қасиетті қара шаңырақ - мектеп үйінің құрылғанына биыл 75 жыл толмақ. Осы мерейтой алдында мектебіміздің өткен тарихын еске түсіріп, одан түлеп ұшқан арысы республика, берісі облысымызға белгілі тұлғаларымызды атап өту және биылғы Ауыл жылындағы ауыл мектебінің бүгінгі келбеті мен келешегіне зер салу келелі мәселе болмақ.

Мектебіміздің тарихы 1928 жылдан басталады. Сол жылы ауылда мектеп салу жөнінде шешім қабылданады, оны ауыл шаруалары қуана қарсы алып, бір кісідей жұмылып мектеп салу құрылысына кірісіп кетеді.

Аталарымыздың ерен еңбегінің арқасында мектеп үйі бір жылда салынып бітеді.

Мектеп құрылысында өзінің ерен еңбегімен Нұршин Құлтас, Нұрпейісов Әпек, Жүнісов Жұмабай мен Жүнісов Ыбыш, Сейсенбаев Асайын-ұста, Бейсенбаев Жұмкей және басқалары көзге түседі.

Іргетасы 1929 жылы қаланған Қазақ қалашығында Қазақ мектебінің ашылу рәсіміне Нұра өңірінен шыққан алғашқы зиялыларымыздың бірі, мемлекет және саясат қайраткері Абдолла Асылбеков атамыз қатысқан екен.

Жаңа оқу жылының басталуы үлкен мерекеге айналады. Ауылда мектеп үйі ғана күйдірілген қызыл кірпіштен салынған және өзінің көркемдігімен айрықша көз тартып тұрған еді.

Салынған мектеп үйі сынып бөлмелері шығыс пен батысқа қараған бір этажды болатын. Мектеп үйі 9 сынып бөлмелерінен тұратын, ұзындығы 45 метр, ені 15 метр.

Сонау 1929 жылы аядай ғана 9 бөлмесі, 110 оқушысы бар жеті жылдық мектеп болып дүниеге келген «Қазақ» мектебі бұл күндері айналасына мейірім шуағын төгіп, ұрпағынан ақыл-кеңесін аямайтын дана қарияға ұқсайды.

Мектептің алғашқы басшысы Хайдаров Абыжан болған, 7 мұғалім оқушыларға дәріс берген.

Мектептің алғашқы ұстаздары: Хайдаров Абыжан - мектеп директоры, қазақ тілі мен әдебиетінен, Хасенова Базараим - оқу ісінің меңгерушісі, химия мен биологиядан, Шайзадин Зияда - математика және физикадан , Тұраров Сабыр - еңбек пәнінен, Есмағанбетов К. - тарих пен георгафиядан, Есмұханов Көшен - орыс тілінен оқушыларға дәріс берді.

Осы жылдары мектеп ісінің ілгері дамуына, мектепте білім мен тәрбие беру ісінің нәтижелі болуына мектеп директоры Хайдаров Абыжан мен оқу ісінің меңгерушісі Хасенова Базараимның еңбегі зор болды.

Хайдаров Абыжан - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, кейініректе Алматы қаласында тұрды.

Хасенова Базараим 1982 жылы 26 қаңтарда Қазақстан радиосы /Алматыдан/ арқылы сөз сөйлеп, 30 жылдары Республика комсомол ұйымында жауапты қызмет атқара жүріп, 1936 жылы комсомолдың X съезіне Москвада делегат болып қатысқанын, Паша Ангелинамен мәжіліс залында бірге отырып, кездескенін еске алады.

Бұл мектептен білім алған алғашқы түлектер: Садвақасов Мұқаш, Жылтыров Қамар, Сапаров Орынбасар, Алтынбаев Берген, Аманов Қырықбай, Исаев Ерденбай, Ұлықпанов Аманберлі, Хасенов Қорабай, Шектібаев Әшім, Сарсенбаев Қабылда, Байсалов Бикен, Сүлейменов Әшім т.б.

1932-2003 жылдар аралығында мектепті Б.Хасенова, К.Есмаганбетов, Аилбеков, Токхожин, С.Саттыбаева, У.Аубакиров, А.Құрманбеков, Қ.Жүсіпов, Ж. Имашева, Б.Мамраев, Ү.Хасенов, Д.Ахметов, М.Аскеев, Б.Сыздықов, Б.Күлпейсов басқарған.

Осы күні аға буын Нұра ауданының зиялы азаматтарының басым көпшілігі осы қазақ орта мектебінен білім алып шыққан.

Мектепті алғаш бітіргендер арасынан елімізге белгілі адамдар шыққан. Олар: Исаев Ерденбай - генерал, көп жыл бойы КСРО


МЕРЕЙТОЙ

Қорғаныс Министрлігінде жұмыс істеген, Москва қаласында тұрған, Данияров Асылхан - техника ғылымының докторы, профессор, Қарағанды политехникалық институтының ірге тасын қалаушылардың бірі, Мусин Сыздық - тіл маманы, профессор, көп жылдан бері Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың Білім академиясында қызмет атқарған, Қадыров Нұрғали - биология ғылымының докторы, профессор, Ысқақов Бүркіт - ақын, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, Төлеубеков Шоқан - көрнекті дипломат. Бұл кісілердің аттары мектеп тарихына алтын әріптермен жазылған.

Мектеп тарихында Аубакиров Уәтай, Құрманбеков Ақмағанбет, Жүсіпов Қақыш, Ахметов Дихан, Албатыров Құлыбек, Рамазанов Көшербай, Саттыбаева Сабиха, Балабеков Тыныбек, Аринов Айткен, Мамраев Баймағанбет, Қалиев Шорман, Бипауов Байзен, Сәлімжанов Кәрімтай, Абдрахманов Болат, Қуатов Әләйдар, Төлеубаев Бекетай, Көшмағанбетова Сану, Амантаев Керімби, Имашева Жібек, Шәйменов Қайып, Естекбаева Жәмилә, Сыздықов Мұқатай, Шалқарбаев Асхат, Жолдасбекова Зүбайра, Күлпейісов Төкім, Сүлейменов Әшім сынды бүгінгі күні ортамызда өздері жоқ болса да, көздері бар, сайрап жатқан іздері бар ұстаздарды құрметпен еске аламыз.

Бүгінгі күні құрметті еңбек демалысындағы ардагер ұстаздарымыз: Сүлейменов Мүтәш, Ынтықаев Көбек, Аскеев Мылтықбай, Жұмадилдин Имантай, Копин Ібіжан, Аубакирова Шәкен. Күлпейісов Секіжан, Хасенов Үкіжан, Хасенова Ханша, Күлпейісова Клара, Күлпейісов Болат, Байболова Шәмшия, Жақсыбекова Дәмежан, Байжұманова Гүлшара, Омаров Бұғыбай, Мамраева Күміс т.б. олардың алдынан өткен сан мыңдаған шәкірттерінің алғысы мол.

1947 жылы мектебіміз орта мектепке айналды. Мектептің орта мектепке айналуына 1945 жылдан 25 жыл мектеп директоры болып жұмыс істеген Аубакиров Уәкең ақсақал ерен еңбек сіңірді. Уәтәй Әубәкірұлының іскерлігінің, ұйымдастырушылық қабілетінің, сол кездегі ата-аналар қауымы мен педұжымның еңбегінің нәтижесінде жылдан-жылға мектептің оқу-материалдық базасы нығайып, ұжым жоғары білікті жас мамандармен толықтырылды.

Мектеп түлегімен даңқты. Осынау 75 жыл ішінде ұлағатты ұстаздардың ұшан-теңіз еңбегінің нәтижесінде талай-талай саңлақтар түлеп ұшты бұл мектептен. Әрқайсысының өмірі бір-бір кітапқа арқау болады. Олар жайлы мектебіміздегі әр сынып оқушылары зерттеу жұмыстарын жүргізіп, альбомдар, буклеттер, қабырға газеттерін, фото-монтаждар шығарып, олардың туыстарымен, ұрпақтарымен, көзі тірі болса өздерімен кездесу өткізуде.

Өмірлері бүгінгі және кейінгі ұрпаққа үлгі болатын абзал азаматтарымызды атай кетейік.

1. Сүлейменов Мүтәш, 1921 ж.туған, Ұлы Отан соғысының ардагері, майдандағы ерліктері үшін жауынгерлік "Даңқ" орденінің толық иегері, соғыстан кейін өзі түлеп ұшқан мектебіне қайта оралып жас ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие беруде көп еңбек сіңірді. КСРО және Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі. Нұра ауданы және Қарағанды қаласы құрметті азаматы.

2. Төлеубаев Бекетай, 1929 ж. туған. Облыс және аудан прокуроры қызметтерін атқарған.

3. Әубәкіров Жанайдар - Аудандық партия комитеті хатшысы және ауатком аппаратында көп жылдар жемісті қызмет атқарды.

4. Дәуітбаев Өмірзақ, 1936 ж. туған. Шымкент облыстық ІІБ-нің басқарма бастығының орынбасары, Сары-Ағаш ауданы ІІБ-нің бастығы қызметтерін атқарған ішкі істер қызметінің полковнигі.

5. Сағындықов Қанапия, 1937 ж. туған. Ақмола және Қарағанды облыстарында аудандық сот төрағасы қызметін құрметті демалысқа шыққанша атқарды.

6. Смағұлов Дәрібай, 1933 ж. туған. Облыстағы аудандық қаржы бөлімін басқарған.

7. Вольф Владимир Фердинандович, 1925 ж. туған. Кеңшар директоры, ауатком төрағасы қызметтерін өмірінің ақырына дейін атқарды.

8. Қайырбеков Зекен, 1935 ж. туған. Аудандық ауруханаың бас дәрігері болып қызмет атқарды.

9. Дурнев Владимир Петрович, 1944 ж. туған. Аупартком хатшысы. Кеңшар директоры қызметтерін атқарған.

10. Досполова Тұрсын Нұрмағанбетқызы, 1939 ж. туған. Көп жылдар бойы аудан тұтынушылар одағын басқарды.

11. Досжанов Қорабай, 1940 ж. туған. Кеңшар директоры болып жемісті еңбек етті, қазір Кертінді ауылдық округінің әкімі.

12. Жұматов Сағындық - кеңшарларда партком хатшысы болды.

13. Шалабеков Рамазан, 1932 ж. туған. Кеңшар директоры, облатком аппаратында қызмет атқарды.

14. Балабеков Тыныбек, 1930 ж. туған. Көп жылдар бойы аудан орталығындағы қазақ орта мектебінің директоры болды. Ұстаздардың ұстазы еді.

15. Жұртболова Дұрия, 1946 ж. туған. Ақмола облыстық соты болып жұмыс атқарады.

---

ГОД АУЛА

## И снова - о главном

Как обычно, одним из последних по графику, прошел сход жителей в райцентре, который в своей повестке ставил те же задачи, что и обычно. О недоработках судило население, задавая те или иные вопросы, высказывая собственное мнение.

На этот раз аким поселка Б.К.Шайжанов не стал зачитывать полностью доклад о проделанной работе за год, а лишь остановился на основных пунктах своей деятельности, переведя разговор в двустороннюю беседу с присутствующими в зале жителями райцентра. Он коротко коснулся всех сфер жизнедеятельности поселка, привел цифры и факты, касающиеся занятости населения, благоустройства, санитарной очистки, общественных работ, благотворительности, отопительного сезона, проплаты налогов и за потребленную электроэнергию и т.д.

Таким образом, за истекший год, по словам акима поселка, произведен капитальный ремонт дорог по улицам Сейфуллина и Ленина, протяженностью более 2-х километров силами ТОО «Бат» на сумму 10 миллионов тенге; проведен ямочный ремонт асфальтного покрытия дорог на шести улицах райцентра силами ТОО «Нура- Дорожник»; установлены новые металлические опоры уличного освещения по улице Советская в количестве 20 штук; дополнительно установлены перетяжки для освещения на пяти улицах (360 лампочек); введена в эксплуатацию общественная баня «Нура» в здании бывшей гостиницы.

Глава государства в своем Послании народу Казахстана на 2004 год основными приоритетами определил дальнейшее развитие системы образования и здравоохранения. В связи с этим была проведена определенная работа по укомплектованию медицинских учреждений квалифицированными кадрами. За счет средств местного бюджета приобретены 2 дома и 2 квартиры для прибывших врачей. Кроме того, за истекший год по централизованному закупу приобретены: автомобиль УАЗ, передвижная флюороустановка и различное медицинское оборудование. Для ремонта райбольницы из областного бюджета выделено 43 млн. тенге, из которых добрая половина уже освоена.

Касаясь системы образования, Байдулла Караевич напомнил о произведенном капитальном ремонте на средства местного бюджета КСШ №3 и поделился планами на предстоящие три года в этом направлении. По программе «Аул» на этот год запланировано изготовление проектно-сметной документации по водопроводу в п. Киевка на сумму 2,5 млн. тенге. В планах по культуре - ремонтные работы детской библиотеки, РДК и библиотеки села Ондрус.

Говоря о благоустройстве, он отметил большую работу трудовых коллективов, которые всегда стараются содержать в чистоте и порядке закрепленные за собой территории. Однако среди населения всегда находятся такие, кто без нарушения санитарных норм и штрафа за это просто не обходятся. Так, за прошлый год было составлено 222 протокола и на 125 человек наложен штраф в размере около 124 тысяч тенге. По линии санэпиднадзора предупреждены 270 человек. В благоустройстве поселка акимом были особо отмечены коллективы системы образования - все три школы райцентра и ДЮСШ, ДЭУ-48, энергосети, ТОО «Дарат».

По выполнению поставленных задач борьбы с бедностью и безработицей трудоустроено около 160 человек, более 250-ти охвачены общественными работами, направлено на профобучение - 15. Для прибывших пяти семей оралманов из Узбекистана куплено 5 домов, все трудоустроены.

В развитии предпринимательства в районном центре задействованы 53 магазина, 15 киосков и торговых точек, 7 пунктов питания, работают пункты по выпечке хлебобулочных изделий, мини - мельницы, мастерские по оказанию бытовых услуг населению, несколько частных цехов по ремонту автомобилей, станция СТО. Всего в предпринимательстве трудятся 460 человек и 97 - в крестьянских хозяйствах .

На повестке дня подобных сходов обязательным стоит отчет ветеринарной службы поселка. По этому вопросу выступил А.Жунустеги, коснувшийся завершающейся идентификации животных, ветеринарной обработки, проблемы скотомогильника и других проблем, о чем свидетельствовали вопросы населения.

По вопросу охраны правопорядка в районном центре был заслушан отчет о проделанной работе участковых инспекторов старшего участкового К.Протасенко. По реакции зала на многие правонарушения в поселке, имеющиеся квартирные кражи, хищения имущества, скотокрадство, подростковые преступления, пьяные драки на дискотеках и т.д., был сделан вывод, что работа правоохранительных органов ведется не в полную силу.

